

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің "Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағының дирекциясы" мемлекеттік мекемесін құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 1382 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 10 қазандағы № 1083 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 10.10.2013 № 1083 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағын құру туралы" 2003 жылғы 18 тамыздағы N 1166 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің "Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағының дирекциясы " мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Мекеме) құрылсын.

2. Мекеме қызметінің негізгі мәні "Ақпараттық технологиялар паркі" арнайы экономикалық аймағын (бұдан әрі - "АТП" АЭА) басқару жөніндегі орталық атқарушы органның шешімдерін іске асыру бойынша функцияларды жүзеге асыру болып белгіленсін.

3. 2004 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және өзге де күтпеген шығыстарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен Мекемені құру және оның қызметін қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігіне 10 200 000 (он миллион екі жүз мың) теңге бөлінсін.

4. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Мекеменің Жарғысын бекітсін және оның әділет органдарында тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) екі ай мерзімде мыналарды:
"АТП" АЭА-ны қалыптастыру мен дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын;

Сыртқы экономикалық қызмет тауар номенклатурасына сәйкес "АТП" АЭА құру мақсатына жету үшін қажетті тауарлар номенклатурасын;

"АТП" АЭА құру мақсатына сәйкес қызмет түрлері бойынша жұмыстар мен қызметтер көрсету тізбесін бекіту туралы шешімдер жобаларын әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

Ескерту. 5-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.06.01. N 604 қаулысымен .

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК